



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

экономика, предприятие). В силу того что нельзя изменить какой-либо элемент системы без изменения всей системы, необходимо отметить, что инновация, направленная на изменение отдельного элемента системы, повлечет за собой соответствующие изменения в других элементах системы. В этой связи, необходима классификация инноваций по приоритету их появления на следующие виды:

–активизирующие (первоначальные, иницирующие) инновации, т.е. инновации, вызывающие ряд других разнонаправленных нововведений;

–последующие инновации, т.е. инновации, появление которых вызвано ранее осуществленными нововведениями или направлено на обеспечение условий для их проведения.

Так, освоение продуктовых инноваций побуждает предприятие к внедрению технологических, организационных, социальных и экономических нововведений. И, наоборот, инновации в форме процессов создают на предприятии условия для выпуска новой или усовершенствованной продукции. Весьма тесная связь существует между радикальными (базовыми) и ординарными инновациями, которая выражается в том, что каждая радикальная (базовая) инновация порождает множество ординарных нововведений. Кроме того, возможны ситуации, при которых ординарные инновации по мере развития трансформируются в радикальные (базовые). Использование данного подхода к подразделению инноваций позволяет не только сгруппировать инновации, но, прежде всего, предполагает нацеленность на инновационные изменения в других элементах системы.

Список использованных источников

1Слепцов В.В. Инновация как экономическая категория рыночной экономики// Вестник КГАУ – 2011. №1, стр.15-20

2Инновационный менеджмент: учебник/ Фатхутдинов Р.А., 6-изд. – СПб: Питер, 2008.

УДК 339.13.027

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Губашева Ақжарқын

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-ші курс магистранты
Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Дүйсембаев А.А.

Инновация – белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану және тарату бойынша жаңа енгізілімдер, кешендік үрдіс. Жаңа енгізілімдердің үрдісі нәтижесінде болатын технологиялық және ұйымдастырушылық, ғылыми-техникалық жиынтықты инновациялық үрдіс ретінде, ал оның қалыптасуы мен тарату, қолдану кезеңі инновациялық цикл деп аталынады.

Инновациялық қызмет – нарықта сатылатын жаңа немесе жетілдірілген тауарда аяқталған ғылыми зерттеулер және әзірлемелер, не басқа да ғылыми-техникалық жетістіктер нәтижесін өткізуге бағытталған және де іс жүзінде қолданылатын жетілген технологиялық үрдіс, с.к. қосымша зерттеулер мен әдістемелер [1].

Жаңа идея немесе новация жалаң ойдан материалдық нақты дүниеге айналған сәттен бастап ол жаңалық енгізу деген ұғымды білдіретін инновацияға айналады. 1911 жылы австриялық экономист-ғалым Й.Шумпетер «инновация» ұғымын ең алғаш айналымға енгізе отырып, оны жаңа тұтынушылық тауарларды, жаңа өндіріс және көлік құралын, жаңа нарық пен өнеркәсіпті ұйымдастыру формаларын енгізу мен пайдалану мақсатында туындайтын өзгеріс деген тұжырымға тоқтады [2]. Төмендегі кестеде, инновация ұғымына қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастағы анықтамалар мен түсініктемелер келтірілген.

Кесте 1. «Инновация» ұғымына тұжырымдамалар*

Батыс мектептері	
П.Самуэльсон, Кэмпбелл, С.Брю	жаңа тауарларды, жаңа өндірістік құралдар мен технологияларды, өнеркәсіпті ұйымдастырудың жаңа әдістерін ендіру мен қолдану мақсатында жасалатын және нарықтық табысқа жеткізетін өзгерістер
Э.Роджерс, Р.Шумейкер	жаңалықтың жаңалық болып ашылғаны маңызды емес, ол қолданысқа қанша рет енгізілсе де табыс әкелетіндігі маңызды
Ресейлік ғалымдар	
Н.Кондратьев	экономика 50-60 жылдық циклда дамиды, ал жаңа циклға көшу адамзат дамуының деңгейіне байланысты; даму белгілі бір биікке көтерілген кезде жиналып қалған идеяларды ендіру оңайға түседі
Н.Большаков	жаңа немесе қасиеті жақсартылған өнім өндірісі үдерісінің нәтижесі, сондай-ақ өндіріс шығынын азайтатын және әлеуметтік жағдайды өзгертетін жаңа техника мен технологияның ендірілуі
Ю.Иванова	жаңалықтарды енгізуге қатысы бар зерттеу, дайындық және ендіру жұмыстарының қосынды қызметі
Қазақстандық ғалымдар	
У.Баймұратов	белгілі бір саланың қызмет тиімділігін арттыру, жаңа қуат көздерін табу, жұмыс ұйымдастыру әдісі мен қаржы, сауда немесе әлеуметтік-саяси институттар қызметін дамыту
Д.Мұқанов	нарықтағы жаңа өнім түрінде жүзеге асқан қызметтің нәтижесі
С.Әбдіғаппаров а	ғылыми негізделген идеяларды іске асырушы субъектілерді зерттеу, дайындық және енгізу жұмыстарын нарықтық және мемлекеттік реттеулер арқылы қоғам өмірінің деңгейін көтеруге бағытталған мақсатқа жету үрдісі
[3] әдебиет көзінен құрастырылған	

Осы сипаттамаларды қарастыра келе, кәсіпкерлік үшін инновацияның ролін атап өтуге болады. Кәсіпкерліктегі инновация - тұтынушылардың қандай да бір (жаңа) қажеттілігін қанағаттандыруда бұрын-соңды кездеспеген жаңалықпен сипатталатын, жаңа үлгідегі, жаңа технологиялық сипаттамамен, т.б. жаңа өзгерістерді қолдану арқылы тауар, өнім өндіру, қызмет ұсынумен байланысты үрдіс.

Идеяның инновацияға айналу құбылысын оның даму кезеңдері тұрғысынан қарастыру инновациялық үрдісті сипаттаса, ал оның өзге үрдістерден ең басты айырмашылығы нақты нәтижеге жетушілік болып саналады. Төменде инновациялық үрдістің сызбалық нұсқасы көрсетілген.



Сурет 1. Инновациялық үрдістің кезеңдері мен жалғасымдылығы*

*[3] әдебиет көзінен құрастырылған

Инновациялардың ішінде ғылыми сыйымдылығы мол, яғни жаңа білімді қажет ететін инновациялар ерекше орын алады. Олар мүлдем жаңа білімді қажет ететіндіктен бір жағынан адамзаттың көзқарасын өзгертіп жіберуге дейін мүмкіндігі бар, екінші жағынан өндіріске енгізуі әдетте ұзақ уақытты қажет ететіндіктен оларда сәтсіздікке ұшыраушылықтың ықтималдылығы жоғары.

Инновациялық қызметтің түп негізін қалаушы жаңа енгізілімдер саналады, оның жіктелімін қаарстырсақ, төмендегі кестеге (2 кесте) назар аударйық.

Инновацияға байланысты кәсіпкерліктің *екі моделін* қарастырамыз:

– классикалық модель – дәстүрлік, репродуктивтік, ескішілдікке негізделген кәсіпкерлік.

– инновациялық модель – жаңалыққа, үнемі жаңа үлгіде дамушылыққа негізделген кәсіпкерлік.

Жаңашылдық дәрежесіне байланысты инновацияны базистік, жақсартушы және жалған инновация ретінде сипаттаймыз.

– Базистік инновация техниканың даму бағыттары және жалғасымдығын қалыптастыру үшін негіз болатын ірі тапқыр ойларды іске асырады.

– Жақсартушы инновация ұсақ және орта тапқыр ойларды ендірумен және де ғылыми-техникалық циклдың тұрақты дамуы мен таралу стадиясында басымдылық танытады.

– Жалған инновация ескірген техника мен технологиялардың бір бөліктерін жақсартуға бағытталған.

Пайда болу себептеріне байланысты инновация екі түрге бөлінеді:

– реактивтік инновация – фирманың тіршілік етуіне бағытталған, және де бәсекелестермен іске асырылатын радикалдық инновацияның өзгерістеріне ықпал ретінде пайда болады;

– стратегиялық инновация – ескертпелік сипатта болып, келешекте елеулі бәсекелестік басымдылық алуға бағытталады.

Инновациялық үрдістердің дамуына әртүрлі *факторлар* тобы әсер етеді: *экономикалық, техникалық, саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық-басқару, әлеуметтік-психологиялық, мәдени.*

Кесте 2. Жаңа енгізілімдердің жіктелінуі*

Жіктелу белгілері	Жаңа енгізілім түрлері
<i>Түп негізділік</i> (радикалдық) дәрежесі бойынша (жаңалығы, инновациялық потенциалы, техникалық шешімдердің ерекшелігі және т.б.)	Түбірлік (пионерлік, базалық, ғылыми, т.б.), қарапайым (ойлап табу, жаңа техникалық шешімдер), жетілдірілген (модернизация)
<i>Қолдану сипаты бойынша:</i>	
<i>Өнімдік</i>	Өндіріске және жаңа өнімдерді қолдануға бағытталған
<i>Технологиялық</i>	Жаңа технологияларды қалыптастыру мен қолдануға бағытталған
<i>Әлеуметтік</i>	Жаңа құрылымдардың қалыптасуы мен қызмет етуіне бағытталған
<i>Кешендік</i>	Бірнеше өзгерістерді бірлігін қамтамасыз етуші
<i>Нарықтық</i>	Жаңа нарықтарда өнімдер мен қызметтерге деген қажеттіліктерді қанағаттандыру
<i>Пайда болу көздері бойынша</i>	Өндіріс қажеттілігі, нарық қажеттілігі және ғылым мен техниканың дамуымен байланысты жаңа енгізілімдер
<i>Қоғамдық өндірістегі ролі бойынша</i>	Тұтынушылық және инвестициялық
<i>Масштабы бойынша (кешенділік)</i>	Күрделі және қарапайым
<i>Бағдары бойынша</i>	өндіруші не тұтынушы үшін, қоғам үшін, жергілікті нарық үшін.
[3] әдебиет көзінен құрастырылған	

Бұл факторлар кәсіпкерліктегі инновациялық қызметтің дамуына, біреулері кедергі болуы мүмкін. Экономикалық, технологиялық факторлар тобында кәсіпорынның инновациялық қызметіне қажетті қаржылық ресурстар, материалдық-техникалық құралдар, прогрессивтік технологиялар, шаруашылықтық және ғылыми-техникалық инфрақұрылымдар жағымды әсер туғызса; инвестиция үшін қажетті қаражаттардың жетіспеушілігі, материалдық базаның жарамсыз болуы, ағымдық өндіріс мүдделерінің басым болуы жағымсыз сипатты туғызады.

Инновациялық жүйенің табысты қызметі үшін инновациялық бөлімнің жаңа өнімді әзірлеуші (маркетингтік бөлім, даму бөлімі және т.б.) бөлімдермен өзара тығыз байланыстары болуы керек.

Кез келген компаниядағы инновация көзі ретінде адамдар саналады. Тіптен, қарапайым қызметкердің өзі, қызметінде қандай да бір жағымды өзгерістерді жақсартуға болатындығы турасында ой-пікірлер қалыптасатыны сөзсіз. Бірақта, көптеген ой-пікірлер тек идея ретінде қалып, ал кей уақытта шиеленістік жағдайды туғызатын себептер болуы мүмкін. Тиімді инновациялық жүйені құру үшін идеялардың қайдан пайда болатыны турасында нақты түсінікті қалаптастыру қажет. Мысалға, ол келесі көздерден қалыптасуы мүмкін:

- Тікелей компания қызметкерлерінен;
- Тақырыптық әдебиеттерді зерттеу нәтижесінде;
- Басқа компаниялардың бизнесті ұйымдастыруын бақылау нәтижесінде;
- Кеңес берушілер жұмысы нәтижесінде.

Әлемдік деңгейде еліміздің мерейін үстем қылатын экономикалық жағымды нәтижелерге қол жеткізу бүгінгі таңдағы еліміздің басты мұраты болып саналады. Осы себептен, экономикамызды серпіндікпен дамытатын, оған тың күш беретін, ұзақ мерзімді тұрақтылықта жандандыратын күшті әрі жаңа механизмдер қажет.

Жалпы біздің мемлекетте инновация және венчурлік бизнес саласында 2002 жылдың 3-

ші шілдесінде қабылданған «Инновациялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңы [4] мен 2002 жылдың 24 маусымында қабылданған «Кешендік кәсіпкерлік (франчайзинг) туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылданып, қызмет ететінін атап өткен жөн [5].

Бұл заңдарда мемлекеттік инновациялық саясатын іске асырудың негізгі қағидалары, бағыттары және формалары анықталған. Осы заңнамалар мен басқа да құқықтық актілер бәсекеге қабілетті, жоғарғы технологиялық өнімдердің әртүрлі саласын қамтитын ұйымдар мен мекемелер тобының құрылуын қамтамасыз етеді.

Осы мақсатқа қол жеткізу мақсатында келесі міндеттерді шешу керек:

- ғылым мен техника жетістіктері негізінде әлеуметтік-экономикалық дамушылықты қамтамасыз ететін жағдайларды қалыптастыру мен инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау әдістері мен формаларын анықтау;

- инновациялық қызметті дамыту мен инновациялық қызмет субъектілері мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуші нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру;

- инновациялық қызметтер субъектісіне және де инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыруға, яғни, инновациялық қызметті іске асыру үшін жұмыстарды орындаушы және қызметтерді атқарушы ұйымдар жиынтығына мемлекеттік қолдауды көрсету;

- экономиканың жаңа жоғарғы технологиялық секторларын қалыптастыру мен экспорттық бағытталған өндірістерді құру мен жаңғыртуды жүргізу;

- инновациялық қызметке шағын және орта бизнес субъектілерін тарту;

- ғылым, білім, өндіріс және қаржылық-несие саласының өзара алмасуын қамтамасыз ету;

- инновациялық қызмет, ұлттық мүдде мен санаткерлік меншікті қорғау саласында халықаралық ынтымақтастыққа әрекеттесу.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау ҚР заңнамасына сәйкес келесідей негізгі формаларда жүргізіледі [6]:

- инновациялық даму мен инновациялық бағдарламаларды әзірлеу басымдықтарын анықтау;

- мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін қажетті ұйымдастырушылық-экономикалық шарттарды құру;

- инновациялық инфрақұрылымдарды қалыптастыру;

- мемлекеттік бюджеттен мақсатты түрде қаржыландыру;

- бәсекеге қабілетті өндірістерді құрудағы мемлекеттік қатысушылық;

- мемлекеттік тапсырыс бойынша құрылған инновациялық нарықтың кепілденген нарығын қамтамасыз ету;

- отандық инновацияларды жылжыту.

Мемлекеттік инновациялық бағдарлама келесілерді қарастыруы керек:

- ел экономикасы үшін стратегиялық мәнділікті иемденетін инновацияны құру кезінде инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау;

- инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамыту;

- инновацияны тұтынушылар мен өндірушілердің бірлік ақпараттық желісі мен мәліметтер банкісін ұйымдастыру;

- инновациялық қызмет субъектілерін ынталандыру бойынша нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу.

Инновациялық қызметті қаржыландыру келесілердің есебінен іске асырылады:

- инновациялық қызмет субъектілерінің меншіктік қаражаттары;

- республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары, инновациялық қор қаражаттары, мемлекеттік нақты гранттар.

Осы бағдарлама мен стратегиялық бағыттағы маңыздылықтар жалпы кәсіпкерліктің, оның ішінде, отандық шағын бизнестің салалық құрылымының материалдық өндіріс, ең алдымен, өңдеу өнеркәсібіне қарай прогрессивтік өзгерісіне бағытталыну қажеттілігін ескеру керек.

Аталынған мақсаттарға қол жеткізу келесі міндеттердің шешімін қарастырады:

- инновациялық және ғылымды қажетсінетін венчурлік өндірістерді дамыту;
- нарықтық және өндірістік инфрақұрылымдарды дамыту;
- бизнес-инкубаторлар желілерін, кәсіпкерлер мен технопарктер орталықтарын құру;
- франчайзинг негізінде ірі және орта кәсіпорындардың өзара пайдалы шоғырланған байланыстарын жайғастыру.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Инновация как основной фактор повышения эффективности производства // www.iteam.ru.
2. Инновации в малом бизнесе // sbinnovation.ru.
3. Дүйсембаев А.А. Кәсіпкерлік негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды.: ЖШС «Арқо» баспасы, 2014.-407б.
4. Закон РК "Об инновационной деятельности" www.zakon.kz
5. Кешендік кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы” Қазақстан Республикасының Заңы / ҚР Парламентінің жаршысы – 2002ж.-№12, 117 құжат, 16-27б.
6. Закон Республики Казахстан «О государственной поддержке инновационной деятельности» // www.zakon.kz.

УДК 331.103

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИНСТРУМЕНТОВ БЕРЕЖЛИВОГО ПРОИЗВОДСТВА В РАЗЛИЧНЫХ ОТРАСЛЯХ ЭКОНОМИКИ

Дырина Евгения Николаевна

zhenya_9309_93@mail.ru

Магистрант 1 года обучения Томского политехнического университета

Научный руководитель – И.Е. Никулина

Все чаще первые лица государства говорят о необходимости изменения модели организации производства, снижении затрат и увеличении производительности труда, и это в условиях кризиса жизненно необходимо. Добиться подобных целей вполне возможно, используя концепцию бережливого производства.

Термин «Бережливое производство» («Lean production») был введен в научный оборот Джоном Крафчиком в книге «Машина, которая изменила мир», которая вышла в 1990 году. Однако истоки зарождения философии бережливого производства восходят к началу двадцатого века. В 1913 году Генри Форд создал первую в мире модель производственного потока, в основу которого легло передвижение обрабатываемого изделия между процессами с использованием конвейера. Несмотря на то, что предпосылки были еще в 20-х годах, в полной мере сформулировали и стали использовать бережливое производство в компании «Тойота» в Японии.

В настоящее время, основываясь на мнениях отечественных и зарубежных специалистов можно сформулировать определение бережливого производства, как современной концепции организации производства, направленной на осознание ценности продукции, сокращения различных видов потерь (муда), с помощью внедрения новых производственных и управленческих технологий, постоянное совершенствование основных и вспомогательных процессов, в итоге обеспечивающей долговременную конкурентоспособность организации. Виды муды, которые не добавляет ценности потребителю: перепроизводство, ожидание, лишняя транспортировка, излишняя обработка, избыток запасов, лишние движения, дефекты (позднее, был выделен еще один вид потерь - неиспользованный потенциал персонала).

Рассмотрим, несколько примеров применения инструментов бережливого производства в различных отраслях экономики. Акционерное общество «АрселорМиттал Темиртау»